


Бекітемін:
«31» тамыз 2021 жылы педагогикалық
кеңес шешімінің № 1 хаттамасымен
ЖК «Жаса» «Ай-Жұлдыз» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
Назарбаева С.Т.



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ОРТАҢҒЫ «БОТАҚАН» ТОБЫНЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2021 – 2022 ОҚУ ЖЫЛЫ**

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Өтпелі тақырып «Балабақша»

2021 жыл, қыркүйек айы

Мақсаты: балаларды көпшілік ортаға бейімдеу. Балаларды жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі үшін тобындағы өздері секілді бүлдіршіндермен таныстырады. Балаларды ойыншықтарды күтіп ұстауға, топ бөлмелерімен және табиғат бұрышымен таныстыру. Балабақша қызметкерлерімен таныстыру, үлкендерді сыйлауға, амандасуға тәрбиелеу.

Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Апта	Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Орыс тілі-0,5 Көркем әдебиет -0,5	«Таным»- 2,5 Математика негіздері-1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Музыка-1,5 Жапсыру-0,25 Мүсіндеу-0,25	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	«Менің балабақшам»	Дене шынықтыру №1. Мақсаты: Шағын топпен тәрбиешінің соңынан жүруге және жүгіруге үйрету. Екі сызықтық аралықтан тепе-теңдікті сақтап жүруге, бір орында екі аяқпен секіруге үйрету. Батылдыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру №2. Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекіту: шағын топпен тұру, нұсқаушының соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды	Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Қане, танысайық» Мақсаты: Балабақша алғашқы күнімен танысу, бейімделу күні болып есептеледі. Балалардың жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі үшін тобындағы өздері секілді бүлдіршіндермен таныстырады, аттарын айтады. Балабақшаның әр бөлмесіне, демалыс бөлмесі, сахна, ойын бөлмесі т. б «саяхат» жасайды. Жеке бастың тазалығы жайлы мәліметтер береді. Баланың зеректігін, ойлау қабілетін	Математика негіздері Мақсаты: «Көп» және «бір» ұғымдарын таныстыру. Балаларды жеке затты заттар тобынан бөліп алуға жеке заттардан топ құрастыруға үйрету. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану. «Топқа саяхат». Мақсаты: балаларды балабақшаның әр бөлмесіне, демалыс бөлмесі, асхана, ойын бөлмелеріне «саяхат» жасайды. Жеке бастың тазалығы (гигиена)жайлы	Сурет салу. Тақырып: «Түзу сызықтар»(қарандаш). Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарандаштармен таныстыруды жалғастыру. Қағаздың оң жағынан сол жағына қарай түзу сызықтар сызуға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, түзу сызықтар сызуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Музыка. Пән жетекшісі жұмыс жоспары бойынша. Жапсыру.	Қоршаған ортамен танысу. Тақырып: «Қонаққа қуыршақ Сәуле келді». Мақсаты: Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Көркемсөз, ойын арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Балалардың өзіне өзі күту дағдыларын қалыптастыра отырып, тазалыққа тәрбиелеу.

	еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Дене шынықтыру №3. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Өз жұбыңды тап» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің өзіне сай қимылдар жасауға дағдыландыру. Жүру мен жүгіруді дамыту.	дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Орыс тілі. Пән мұғалімінің жұмыс жоспары бойынша.	мәлімет береді, «үлкен», «қысқа» ұғымына түсінік беру. Баланың зеректігін, ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа жинақтылыққа тәрбиелеу.	Тақырып: « Сүлгіні әшекейлейміз» Мақсаты: Сүлгіге әдемі өрнек жасауды үйрету және жапсыру дағдылары мен ептілікті дамыту. Желімді оңнан солға қарай қылқаламмен жағу арқылы жапсыруды үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.	
--	---	---	--	--	--

II апта	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	Дене шынықтыру №4. Мақсаты: Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге- аяқ алшақ) үйрету. Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; саптан шықпай, бағытты сақтай жүру; аяқты тізеден сәл бүгіп, секіріп, аяқты алшақ, бірге ұстау дағдыларын бекіту. Музыканың басталуын сезініп, музыкаға сәйкес жүруге баулу. Дене шынықтыру №5. Мақсаты: Қос аяқпен секіру (аяқ бірге- аяқ алшақ); бір-біріне доп домалатуды үйрету. Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіру (аяқ бірге- аяқ алшақ) дағдыларын бекіту. Музыканың басталуын сезіну, музыкаға сәйкес жүру; сөздерді қайталау және оны орындау дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Сүйікті ойыншықтар» (ойыншықтар туралы әңгіме құрастыру) Мақсаты: Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыруға, ойыншықтардың атарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету. Дыбыстарды анық, дұрыс айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет. Тақырып: С. Маршак «Доп» (Жатқа айтамыз). Мақсаты: Мәнерлеп айтуға үйрету. Дауыс күшін, есте сақтау, тыныс алу, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Балаларды өлеңді жаттауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын арттыру.	Математика негіздері Мақсаты: «Таңертең» тәулік мезгілі туралы түсінік беру. Көрнекі әрекеттік және сөздік нұсқауларын қабылдауға, оны қайталауға ынталы болуға тәрбиелеу. Жаратылыстану. Тақырып: «Ғажайып қап» дидактикалық ойын. Мақсаты: Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірі табиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Зерттеушілік мінез-құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдысын қалыптастыру. Құрастыру. Тақырып: «Қуыршақтарға	Сурет салу. Тақырып: «Сылдырмақ» (дәстүрден тыс әдіс). Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, дәстүрден тыс әдіспен сурет сала білуге үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша. Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша.	
---------	------------------------------	---	--	---	--	--

		Дене шынықтыру №6. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Мысықтар мен балалар » Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.		арналған жол» Мақсаты: Балаларды ағаш конструктор мен оның бөлшегі-кірпішпен таныстыру. Кірпіштердің жіңішке қысқа қырлары мен бұрыштарын түйістіре отырып, қуыршақтарға жол салуды үйрету. Танымдық қызығушылығын, қолдың ұсақ қимылдарын дамыту.	
--	--	--	--	---	--

III апта	«Біздің табиғат бұрышымыз»	Дене шынықтыру №7. Мақсаты: Бір- біріне допты домалатуды үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін, ұсақ сезім мүшелерін дамыту. Дене шынықтыру №8. Мақсаты: Жүру және жүгіру кезінде нұсқаушы белгісі бойынша аялдауға үйрету. Секіру жаттығуларын қайталау. Доптытты домалатуға жаттықтыру. Дене шынықтыруға деген талпынысын тәрбиелеу. Дене шынықтыру №9. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Ұстап ал» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Бөлме гүлдері» (байланыстырып сөйлеу) Мақсаты: Бөлме гүлдері мен оларды күту ережелерімен таныстыру. Сөздік қорын байыту. Ойлау қабілеттерін, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Бөлме гүлдерін күтіп баптауға тәрбиелеу. Орыс тілі. Пән мұғалімінің жұмыс жоспары бойынша.	Математика негіздері Мақсаты: Балаларды геометриялық шеңбер фигурасымен таныстыру. Көру және түйсіну қимылдауға қатысты зерттеу тәсілдерін үйрету. Ойын арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, жалпы және ұсақ қол қимылдарын жаттықтыру. Жаратылыстану. Тақырып: «Бөлме өсімдіктері». Мақсаты: Балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін арттыру. Қазтамақты ажырата білу, тани білуге үйрету әне күту ерекшеліктерімен таныстыру. Фикустың күту ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Өсімдіктердің жапырақтарының ерекшеліктеріне қарай отырып, тазалықта ұстау қабілеттілігін орнату. Бөлме өсімдіктеріне деген	Сурет салу. Тақырып: «Гүл ыдысын әшекейлейміз» (гуашь) Мақсаты: Балалардың бөлме гүлдері жайлы түсініктерін кеңейтіп, затты әшекейлеп әсемдеуге үйрету. Гуашпен жұмыс істеу машығын, қолдардың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Негізгі түстерді білуге үйрету. Шығармашылық көзқарасқа, ұқыптылыққа, дербестікке тәрбиелеу. Музыка. Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша. Мүсіндеу. Тақырып: «Гүл күтуге арналған күрек». Мақсаты: Домалатылған пішінді жалпақтау тәсілі арқылы күректің басын жасап және есу тәсілі арқылы сабын мүсіндеуді үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қол бұлшықеттерін дамыту.	Қоршаған ортамен танысу. Тақырып: «Бөлме өсімдіктері күту» Мақсаты: Бөлме гүлдері туралы алғашқы түсініктер беру: тірі, өседі, қоректенеді, күтім тілейді. жайлылық туғызады және ауаны тазартады. Балалардың бөлме гүлдері, олардың түрлері мен айырмашылықтары туралы түсінігін кеңейту. Өсімдіктерге күтім жасауға деген құштарлығын ояту. Олардың сұлулығына қуануға үйрету. Аялы көзқарасқа тәрбиелеу.
---	---	---	--	--	---	---

				күтім мен қызығушылыққа тәрбиелеу.		
--	--	--	--	--	--	--

IV апта	«Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»	Дене шынықтыру №10. Мақсаты: Берілген бағытта жүруге және жүгіруге жаттықтыруды жалғастыру. Шектелген жермен жүру барысында тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру №11. Мақсаты: Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылды жай, шапшаң, ырғақты орындау қабілетін дамыту. Дене шынықтыру №12. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты жасыр» Мақсаты: Жүгіруге және секіруге арналған ойын жаттығуларын қайталау. Ептілігін дамыту. Қимылды ойын ойнау барысында батылдыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Балабақшада кімдер жұмыс жасайды?» (әңгімелеу) Мақсаты: Балабақшадағы қызметкерлердің атқаратын жұмыстарын, аты жөндерін таныстыра келе сұрақтарға жауап беруге үйрету. Үлкендер еңбегін бағалауға сыйлауға, амандасуға тәрбиелеу. Өз ойларын сөйлем құрап айтуға дағдыландыру. Көркем әдебиет. Тақырып: «Жұмыстың бәрі жақсы» (өлеңді тыңдаймыз) Мақсаты: Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар (мамандық) арқылы кеңейту. Туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау, алған әсерлерін өз ойларымен айтып беру білігін дамыту.	Математика негіздері Мақсаты: Бақылау, айналадағы ортадан дөңгелек пішіндерді табу дағдысын дамыту. Заттарды пішіні, мөлшері, түсі бойынша топтастыру машығын дамытуға көмектесу. Жаратылыстану. Тақырып: «Ас үйге саяхат». Мақсаты: Балаларға ас үй және аспазшы мамандағы туралы әңгімелеу. Ас үйдегі көмекші заттар туралы түсінік беру. Ас пісіретін аспазшылардың еңбегін бағалауға, асты төгіп шашуға болмайтынын үйрету. Үлкендерді сыйлауға және тазалыққа үйрету. Құрастыру. Тақырып: «Үлкен және кішкене қақпалар» Мақсаты: Қақпа тұрғызуды, сындарлы шешім қабылдай білуге	Сурет салу. Тақырып: «Алжапқышты әшекейлейміз»(қарандаш) Мақсаты: Балаларды аспаз маманы туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқыш силуетін түрлі-түсті қарандашпен бояуға үйрету. Эмоциональды - эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Музыка. Пән жетекшісі жұмыс жоспары бойынша. Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша.	
---------	------------------------------------	--	---	---	---	--

				үйрету. Құрастыру машығын дамыту. Шыдамдылық пен ыждағаттылыққа тәрбиелеу.		
--	--	--	--	--	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Өтпелі тақырып «Менің отбасым»
2021 жыл, қазан айы.

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы, туыстық атаулар туралы, жолда жүру ережелері туралы, жыл мезгілінің ерекшеліктері және нанның дастарханға қалай келетіндігі туралы түсінік беру. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішіге қамқор болу, көшеде жолда жүру ережелерін сақтау, нанды қастерлеу сияқты әдептілік қағидаларды сақтай білуге, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Апта	Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатына»с-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»- 2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка – 1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	« Менің отбасым, ата – ана еңбегі»	Дене шынықтыру № 13 Мақсаты: Екі аяқпен секіруді (аяқ бірге - аяқ алшақ) үйрету. Саптізбекке бір-бірден тұру; секіру (аяқ бірге - аяқ алшақ) қимылдарын бекіту. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Е. Елубай «Біз үйде нешеуіміз?» (өлең) Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сурет арқылы туыстық атаулармен таныстыру. Өлеңді жаттау барысында , дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап,кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Мақсаты: Фигураларды шамасына қарай салыстыру. Бір – біріне беттестіру арқылы фигураларды салыстыру, үлкен, кіші немесе бірдей сөздерін пайдаланды үйрету. Зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ маторикасын дамыту. Танып білуге ынталы болуға, белсенділікке тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Әжеме арналған орамал» (гуашь) Мақсаты: Бояумен қылқаламды пайдалана отырып сурет салуды үйрету. Қылқаламды үш саусақпен ұстай отырып, бірыңғай бояуды үйрету. Сурет салу қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін арттыру. Отбасы және оның маңыздылығы туралы түсінігін нығайту. Отбасындағы әженің	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің отбасым» (әңгімелеу) Мақсаты: Әрбір баланың өз жақын адамдары, отбасы болатындығы жайлы түсінік беру. Ата – аналарының аттарын атап айтуға үйрету. Туыстарын атай отырып, олардың отбасындағы рөлдері, қызметтері туралы әңгімелеу. Сөйлем құрай білу дағдыларын арттыру. Достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу.

		Дене шынықтыру № 14 Мақсаты: Тура бағытта төрт тағандап еңбектеуге үйрету. Бір- бірден саптізбекке тұру; тоқтап және тапсырманы орындай жүру; музыкаға сәйкес қимыл жасауға жаттықтыру. Дене шынықтыру № 15 Қимыл- қозғалыс ойыны: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Татулыққа тәрбиелеу.	Орыс тілі Пән мұғалімінің жұмыс жоспарымен	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің отбасым» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілік ережелеріне баулу. Әжелері туралы әңгімелеп айтуды үйрету. Отбасындағы өзара сыйластық қарым қатынасын дамыту. Жанұя мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды сыйлауға тәрбиелеу.	орны, оны сыйлауға тәрбиелеу. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу Жапсыру Тақырыбы «Біздің үй» Мақсаты: Балаларға геометриялық пішін үшбұрышпен төртбұрыштан композиция құрастыра білуге үйрету. Ақ парақшаға алдымен төртбұрышты, содан соң үшбұрышты жапсырып, үй жасауға үйрету. Түстерді ажырата білуге дағдыландыру. Қызығушылықтарын арттырып, сөздік қорын молайту. Сұлулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспарымен	
--	--	---	---	--	--	--

II апта	«Менің көшем»	Дене шынықтыру № 16 Мақсаты: Балаларды допты домалатуға үйрету. Берілген белгіге көңіл аударуға; екі аяқтап алға секіруге жаттықтыру. Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту. Ерік-жігерін тәрбиелеу Дене шынықтыру № 17 Мақсаты: Допты домалатуға үйретуді жалғастыру. Алақан мен тізеге тіреліп, тура бағытта еңбектеуге жаттықтыру. Берілген белгіге көңіл аударуға, екі аяқтап алға жеңіл жылжи секіруге жаттықтыру. Ептілігін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту. Дене шынықтыру № 18 Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғайлар мен	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен көшемен келемін» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Жолда жүру ережелері туралы түсінік беру. Көше қиылысы, бағдаршам, жол белгілері, қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері туралы түсіндіру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Баланы зейінді, епті болуға. Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет	Математика негіздері Мақсаты: Шеңбер геометриялық пішіні туралы түсінік беру. Шеңберлерді шамасына қарай салыстыру машығын дамыту. Зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танып білуге ынталы болуға, белсенділікке тәрбиелеу. Белсенділікке тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Балалардың құрастыруға деген ынталарын арттырып жол белгілері ережелерін есте сақтауға үйрету. Қағазды пайдаланып бұйымдар жасауға үйрету. Құрастыру барысында бағдаршам көздерін рет – ретімен орналастыруға, түстерді ажырата білуге үйрету. Соның ішінде бағдаршам жасауға балалардың шығармашылық ойларын	Сурет салу Тақырыбы: «Түзу жолда мен жүремін тура» (қарындашпен) Мақсаты: Балаларға қарындашты пайдалана отырып оңнан солға қарай ұзын сызықтар салу арқылы жолды бейнелеуді үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қарындашты оң қолдарына, үш саусақпен ұстап сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Бір – біріне кедергі жасамай сурет салуды үйрету. Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспарымен Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспарымен	
---------	---------------	---	--	---	---	--

		автомобиль» Мақсаты: Балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні орындауға үйрету. Ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру дағдыларын дамыту.	Тақырыбы: Ө. Табылдиев «Бағдаршам» (өлең жаттау) Мақсаты: балаларды жол ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Бағдаршам туралы түсініктерін жетілдіру. Зейінін, есте сақтау, түсті айыра білу қабілеттерін дамыту. Сөздерді анық айтуға дағдыландыру. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу .	дамытып, оны іс жүзіне асыруға үйрету. Жұмыс барысында бір - біріне кедергі жасамауға, бастаған істерін тиянақты аяқтауға тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Жүргізуші мен жаяу жүргіншілер» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балалардың жолда жүру туралы ережесі туралы, жүргізуші мен жаяу жүргіншілердің жолдарын ажырата білуді үйрету . Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды жолда жүру ережесін сақтауға, ұқыптылыққа , байқағыштыққа тәрбиелеу.	
--	--	---	---	--	--

III апта	« Ас атасы – нан »	Дене шынықтыру № 19 Мақсаты: Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге; көтеріңкі (зат үстінде) тіреуде статикалық тепе- теңдікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл- қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Дене шынықтыру № 20 Мақсаты: Балаларды берілген белгіге көңіл аударып, қимыл- қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Көзмөлшері мен ептілікті дамыту. Достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ә.Ахметов «Нан дастарханға қалай келді?» (өлеңді жатқа айту) Мақсаты: Өлеңді жаттата отырып, нанның дастарханға көптеген адамдардың еңбегі арқылы келетіндігін айтып түсіндіру. Жаттау барысында сөздерді анық айтуға дағдыландыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. Нанды қадірлеуге үйрету. Орыс тілі Пән мұғалімінің жұмыс жоспарымен	Математика негіздері Мақсаты: 1 және 2, 2 және 2 сандарын салыстыру. Екіге дейін санау дағдысын дамыту. Топтағы әрбір элементті жұп – жұбымен салыстыру жолымен және екі топтағы заттарды саны бойынша салыстыруға үйрету. Қанша? Неше? Сұрақтарына жауап беруге үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру. Белсенділікке тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы – нан » (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Нанның адам үшін маңыздылығы, оның дастарханға үлкен	Сурет салу Тақырыбы: «Тәтті тоқаш» (гуашь) Мақсаты: Қылқаламды пайдалана отырып сақина салуды үйрету. Қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін арттыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Тазалыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Таба нан» Мақсаты: балаларға ұннан жасалатын тағамдар жайында қарапайым түсініктер беру. Ддомаланған пішінді екі алақанның арасына салып, жалпақтау тәсілін пайдалана отырып, нанды мүсіндеуді үйрету, мүсіндеу, іскерлік дағдыларын қалыптастыру, қол икемділігін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу, Музыка	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Балаларға көрнекі құралдарды пайдалана отырып, нанның қайдан келгендігі туралы түсіндіру. Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру. Балаларға нанды қастерлеу керектігін түсіндіре келе, адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу
----------	--------------------	--	---	---	--	--

		Дене шынықтыру № 21 Қимыл- қозғалыс ойыны: «Әр түрлі етіп көрсет» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Татулыққа, ептілікке тәрбиелеу		еңбек нәтижесінде келетіні туралы түсінік беру. Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даярлайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін, диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	Пән жетекшісінің жұмыс жоспарымен	
--	--	---	--	--	--	--

IV апта	» « Алтын күз»	Дене шынықтыру № 22 Мақсаты: Жүру жаттығуларын қайталау. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру, текшенің үстінде тепе-теңдік сақтап тұруға жаттықтыру. Заттардың арасынан «жыланша» жүру. Екі аяқпен бір мезгілде серпіле алға жылжи секіру және жерге жеңіл, аяқтың ұшымен түсуге үйрету. Қимылды белгілі тәсілмен, белгіленген бағытта нұсқау бойынша бастап, орындап, аяқтауға дағдыландыру. Дене шынықтыру № 23 Мақсаты: Жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. Екі аяқпен алға жылжи секіруді; қойылған заттардың арасымен «жыланша» еңбектеу өтуге үйрету. Қимылды белгілі тәсілмен, белгіленген бағытта нұсқау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу. Жеңіл секіруге жаттықтыру. Қимыл белсенділігін дамыту	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күз келді» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: балалардың күз мезгілі туралы түсінігін кеңейту, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Суреттер бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың тіл байлығын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Көркем әдебиет Тақырыбы: « Жапырақтың күзгі серуені» (өлеңді оқу) Мақсаты: Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін кеңейту. Табиғат әсемдігін көре білуге,әңгімелеуге баулу, сөздік қорларын молайту. Сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу	Математика негіздері Мақсаты: Уақытты бағдарлау . Тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету. Осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану. Дидактикалық ойындар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зейін қойып тыңдауға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы : «Түрлі-түсті жапырақтар» Мақсаты: Қима суреттерден жапырақ құрастыруды үйрету. Балаларды қағазбен жұмыс жасауға дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр» (дәстүрден тыс) Мақсаты: Табиғат құбылысы туралы түсінік беру. Сурет салудың дәстүрден тыс әдісімен сурет салуды үйрету. Жоғарыдан төмен қарай мақта таяқшаларымен үзік сызықтар жүргізу арқылы жаңбырды бейнелеу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	
---------	--------------------------	--	---	--	---	--

Дене шынықтыру № 24
Қимыл- қозғалыс ойыны:
«Түрлі – түсті автомобильдер»
Мақсаты: Балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні орындауға үйрету. Ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру дағдыларын дамыту.

Жаратылыстану
Тақырыбы: « Жомарт күз» (сурет бойынша әңгіме)
Мақсаты: Күз құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Табиғат аясындағы өзгерістерді үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»
2021 жыл, қараша айы.

Мақсаты: балаларды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу; дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы түсіндіру. Адамның дене мүшелерімен таныстыру, дене жаттығуларын дұрыс орындауға деген ынталарын тәрбиелеу. Логикалық ойларын дамыту; ауасыз, сусыз тіршілік жоқ екенін түсіндіру. Жер мен өсімдіктер, барлық тіршілік иелері бір бірімен тығыз байланысты екені туралы білім беру.

Апта	Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Орыс тілі-0,5 Көркем әдебиет -0,5	«Таным»- 2,5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Музыка-1,5 Жапсыру-0,25 Мүсіндеу-0,25	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	«Пайдалы көкөністер»	Дене шынықтыру №25. Мақсаты: Саптізбекке тұруға жаттықтыруды жалғастыру. Мойын, иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту. Қимылды көңілді, пысық, ширақ балапандарды бейнелей білуге талпындыру. Белгіге көңіл аудару, сезіне білуге дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау. Дене шынықтыру №26. Мақсаты: Саптізбекке тұруға жаттығуды бекіту. Еденге қойылған тақтаймен төрт тағандап алақан	Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Көкөністер»(сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Өсімдіктер әлемінің алуан түрлілігімен таныстыруды жалғастыру. Көкөністерді және олардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру. Сөздік қорларын дамыту. Ертегі тыңдау арқылы есте сақтау қабілеті мен, қиялын дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға, аялауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Мақсаты: Балаларды ұшбұрыш геометриялық фигурасымен таныстыру. Көру және түйсіну қимылдау тәсілдері бойынша зерттеуге үйретуді жалғастыру. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану. «Бақшаға біз барамыз, көкөністерді аламыз». Мақсаты: Көкөністер, олардың өсетін жері	Сурет салу. Тақырып: «Қияр»(гуашь). Мақсаты: Балаларды тұтас қағаз парағына бейнелерді орналастыруға үйрету. Көкөніс туралы түсініктерін кеңейте отырып, қылқаламмен сопақша пішінді сала білуге үйрету. Бейнелеу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.Шығармашылық ойлау мен қиялдауын дамыту. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Музыка. Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша. Жапсыру. Тақырып: «Тәрелкедегі қияр мен қызанақтар»	Қоршаған ортамен танысу. Тақырып: «Күз сыйлықтары». Мақсаты: Балалардың жемістер мен көкөністер туралы білімдерін жүйелеу. Адам ағзасына пайдасы туралы айту. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

	мен тізеге сүйеніп, еңбектеуге үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еденге (жерге) жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыла-рын жетілдіру. Белгіге көңіл аудару, сезіне білуге дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау. Дене шынықтыру №27. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Жапырақты ізде» Мақсаты: Шектеулі алаңмен жүру кезінде тепе-теңдік сақтауға, жартылай аяқты бүгіп секіріп жерге түсуге жаттықтыру. Белгіге көңіл аудару, сезіне білуге дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.	Орыс тілі. Пән мұғалімінің жұмыс жоспары бойынша.	туралы балалардың түсініктерін байыту; сипап көріп көкөністі сипатттауды үйрету; көкөніс сөзін жалпылама түрде қолдануды үйрету. Байланыстыра сөйлеу және көріп есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Мақсаты: Көкөністер туралы білімдерін арттыру. Дайын үлгілерді кеңістікті бағдарлай орналастыру мен желімдеу дағдыларын қалыптастыру. Желімді қылқаламға ұқыпты жағуға және желімнің қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалануға үйрету.	
--	--	---	---	--	--

II анта	«Жеміс бағында»	Дене шынықтыру №28. Мақсаты: Допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтыруға үйрету. Қимылды ырғақпен жеңіл, еркін, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре орындау қабілеттерін қалыптастыру. Жеңіл бытырап жүгіруге жаттықтыру. Дене түзілісін бақылау. Балалардың қимыл тәжірибесін молайту. Дене шынықтыру №29. Мақсаты: Белгіленген алаңда жүруге және жүгіруге жаттықтыру. Еденге салынған резеңке кілемше үстімен төрттағандап алақан мен табанға сүйеніп, еденде еңбектеуге үйрету. Допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтыруға үйрету. Жеңіл бытырап жүгіруге жаттықтыру. Дене түзілісін бақылау. Балалардың қимыл тәжірибесін молайту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Жемістер» (сипаттау бойынша әңгіме құрастыру) Мақсаты: Жемістермен таныстыру. Жемістің өзіне тән сипаттарын ойын арқылы ажырата білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту. Көркем әдебиет. Тақырып: Е. Елубаев «Апорт» (өлең жаттаймыз). Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп жаттауға үйрету. Алманың апорт түрімен таныстыру. Жемістің басқа түрлерімен танысуға құштарлықтарын арттыру.	Математика негіздері Мақсаты: Геометриялық шеңбер фигура туралы түсінікті бекіту. Үш саны мөлшерінде санау машығын дамыту. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану. Тақырып: «Жеміс бағына саяхат» Мақсаты: балаларға күз сыйлары туралы түсініктерін қалыптастыру. Жемістер туралы түсініктерін бекіту, көру арқылы заттардың пішінін анықтауды үйрету, табиғатқа деген мейірімділікке тәрбиелеу. Құрастыру. Тақырып: «Жемістер»(қима суреттерден)	Сурет салу. Тақырып: «Алма»(қарандаш). Мақсаты: Балалардың жемістер пішініне назарларын аудара отырып, дөңгелек және сопақша заттарды салуға үйрету. Қарындашты үш саусақпен ұстауға үйретуді жалғастыру. Білуге құштарлыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша. Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша.	
---------	-----------------	--	--	--	---	--

		Дене шынықтыру №30. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Сылдырмақты сылдырлат» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.		Мақсаты: Балаларды қима суреттермен таныстыру, түстерін сұрау. Ойлау қабілеттерін дамыту. Қолдың ұсақ қимылдарын дамыту. Ұқыптылыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	
--	--	---	--	---	--

ІІІ апта	«Өзім туралы. Менің көмекшілерім»	Дене шынықтыру №31. Мақсаты: Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту. Дене шынықтыру №32. Мақсаты: Допты екі қолмен желке тұсынан лақтыруға үйрету; доптың ұшуына дұрыс траектория беру, қолдарын екпінді қимылмен жаза білуді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту. Дене шынықтыру №33. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген	Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Менің дене мүшелерім»(әңгімелеу) Мақсаты: Балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру.Адамның дене мүшелерімен таныстыру; дыбыстарды дұрыс айта білуге жаттықтыру. Дене мүшелерінің қандай қызмет атқаратындығы туралы білімдерін кеңейту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Орыс тілі. Пән мұғалімінің жұмыс жоспары бойынша.	Математика негіздері Мақсаты: Геометриялық шеңбер және үшбұрыш фигуралары туралы түсінікті бекіту. Көрсетілген фигуралардың түстері мен пішіндерді әртүрлі кемінде үш фигураны қайталауды үйрету. Жаратылыстану. Тақырып: «Көзді қалай күту керек». Мақсаты: Балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Көзді күту ережелерімен таныстыру, витаминдердің адам ағзасына пайдасы туралы білуге үйрету. Өз денсаулығын сақтауға, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырып: «Сәбіз» (гуашь) Мақсаты: Балаларға сәбіздің суретін салу арқылы сопақша пішіндерді салуға икемділіктерін арттыру. Сопақша пішіннің бір жағын сүйірлеу етіп салуға үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка. Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша. Мүсіндеу. Тақырып: «Қолғап». Мақсаты: Ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Есу және жалпақтау тәсілі арқылы қолғапты мүсіндеуді үйрету. Мүсіндеуде саусақ қимыл-қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	Қоршаған ортамен танысу. Тақырып: « Суықтан қалай қорғану керек?» Мақсаты: Балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру және өзін өзі күту ережелерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарына қарай киіну дағдыларын қалыптастыру. Логикалық ойлауын, жеке бас тазалық дағдыларын сақтауға тәрбиелеу.
---	--	--	--	---	---	--

		белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.				
--	--	--	--	--	--	--

IV апта	«Күн, ауа,	Дене шынықтыру №34. Мақсаты: Біртіндеп доғаға тимей үш	Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Жер және су»(әңгімелеу)	Математика негіздері Мақсаты:	Сурет салу. Тақырып: «Күнді бейнелейміз» (дәстүрден	
------------	---------------	---	--	---	---	--

	доғаның астынан еңбектеп өтуге үйрету. Ұсақ сезім (моторика) мүшелерін дамыту. Ырғақты қабылдау қабілеттерінің дамуына ықпал ету. Қимыл-қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін дамыту. Дене шынықтыру №35. Мақсаты: Барлық топпен қатарға тұруға, бір- біріне соқтығыспай, бытырап жүгіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе- теңдік сақтай жүруді бекіту. Ұсақ сезім (моторика) мүшелерінің ырғақты қабылдау қабілеттерінің дамуына ықпал етуі. Қимыл- қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін дамыту. Дене шынықтыру №36. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Ұшқыштар» Мақсаты: балаларды бір біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету;	Мақсаты:Балаларды жер өсімдіктерді қоректендіретіні туралы түсінік беру.Жер мен өсімдіктер, барлық тіршілік иелері бір бірімен тығыз байланысты екені туралы білім беру. Мәнерлеп айту дыбыс ырғағын дамыту. Көркем әдебиет. Тақырып: М.Скребцеова «Мейірімді бұлт» (ертегі оқу). Мақсаты: Ертегіні мұқият тыңдауға, сезімталдықпен қабылдауға үйрету. Ертегі арқылы балалардың түсініктерін молайту. Қиялдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғаттың әсемдігін сезініп, сүйе білуге тәрбиелеу.	Фигураларды шамаларына қарай салыстыруды үйрету. Геометриялық шеңбер және үшбұрыш фиуралары туралы түсінікі бекіту. Танымдылық қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану. Тақырып: « Шуақты күн» Мақсаты: Жер бетінде тіршілік болуы үшін Күннің қажеттігін түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды жылдың кез келген мезгілінде табиғаттың сұлулығын көре білуге тәрбиелеу. Құрастыру. Тақырып: «Өзен	тыс әдіспен) Мақсаты: Жер бетіне барлық жылулықты сыйлап тұрған күн бейнесін дәстүрден тыс әдіспен саусақпен бейнелеуді үйрету. Қоршаған әлемнің әсемдігі арқылы эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Музыка. Пән жетекшісі жұмыс жоспары бойынша. Музыка Пән жетекшісінің жұмыс жоспары бойынша.	
--	--	--	--	---	--

		кеңістікті бағдарлауларын дамыту.		үстіндегі көпір» Мақсаты: Сындарлы шешім қабылдай білуге үйрету. Өзен үстінен көпір салуды үйрету. Қолдың ұсақ қимылдарын дамыту. Ұқыптылық пен ыждағаттылықты тәрбиелеу.		
--	--	--------------------------------------	--	---	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

2021 жыл, желтоқсан айы.

Мақсаты: Балалардың Қазақстан Республикасы жайында түсінік беру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсінік беру, нақтылау. Өз Отанына деген сүйіспеншіліктерін, туған жері мен елін сүйуге, оларды қорғай білуге тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін арттыру. Туған жерлерінің жануарлар және өсімдіктер әлемі туралы, жыл мезгілі туралы түсінік беру. Сөздік қорларын, ой - өрісін дамытып, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру. Өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу, қамқорлық сезімдерін ояту.

апта	тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі-0,5	«Таным»- 2,5 Математика негіздері -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка – 1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
